

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5 (411)

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 5. Number 411 (2024), 165–184
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.833>

ӘОЖ 930(73) «20»:94 (560)

©**R.Zh. Mrzabayeva**¹, **N.M. Abdulkadyrov**^{1*}, **G.U. Akhmetshina**², 2024.

¹Al-Farabi kaznu, Almaty, Kazakhstan;

²Academy of physical culture and mass sports, Astana, Kazakhstan.

E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

INCREASING SUBJECT COMPETENCE AT THE BERLIN CONGRESS ON OTTO VON BISMARCK'S POLITICAL POSITIONS IN RELATION TO THE OTTOMAN EMPIRE

Mrzabayeva Raushan Zhalievna – Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, E-mail: rosh85@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>;

N.M. Abdulkadyrov – PhD, associate professor. Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan, E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>;

Akhmetshina Gulden Ualikhanovna – PhD, Senior Lecturer, Academy of Physical Culture and mass sports, Astana, Kazakhstan, E-mail: guldena_82@mail.ru. ORCID <https://orcid.org/0009-0005-8752-3887>.

Abstract. In the 70s of the XIX century, the conflict in international relations on Balkan issues intensified. At this time, there was a diplomatic struggle between the world empires for such provinces as Bulgaria, Serbia, Bosnia and Herzegovina, Romania, which belonged to the Ottoman Empire in the Balkans. These issues took place within the framework of the “Eastern Question” between England, Russia, Austro-Hungary and the Ottoman Empire. Several international gatherings were organized on Balkan issues, the most basic of which was the Berlin Congress, which took place in 1878. The Berlin Congress was organized by the chancellor of Kaiser Germany Otto von Bismarck. Germany had its own policy on the Balkan issue. In the same way, Bismarck’s own political positions in relation to the Ottoman Empire were formed. The scientific article examines the political positions of German Chancellor Otto von Bismarck in relation to the Ottoman Empire at the Berlin Congress, which took place in 1878. The policy of the “Iron Chancellor” towards the Ottoman Empire and European empires falls into scientific analysis. The course and results of the Congress and Bismarck’s activities are evaluated. The international issues that took place at the Berlin Congress and the influence of the Congress on German-Turkish relations are highlighted.

Keywords: Ottoman Empire, Berlin Congress, Otto von Bismarck, “the Eastern Question”, international politics

© Р.Ж. Мрзабаева¹, Н.М. Абдукадыров^{1*}, Г.У. Ахметшина², 2024.

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан;

²Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Астана, Қазақстан.

E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

БЕРЛИН КОНГРЕСІНДЕ ОТТО ФОН БИСМАРКТИҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫ ТУРАЛЫ ПӘНДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Мрзабаева Раушан Жалиевна — Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: rosh85@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>;

Н.М. Абдукадыров — PhD, доцент. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы, Қазақстан, E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>;

Ахметшина Гүлден Уалихановна — PhD, аға оқытушы, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Астана, Қазақстан, E-mail: guldena_82@mail.ru. <https://orcid.org/0009-0005-8752-3887>.

Аннотация. XIX ғасырдың 70-жылдары халықаралық қатынастарда Балқан мәселелері бойынша тартыс күшейді. Бұл кезде әлемдік империялар арасында Балқандағы Осман империясына қарасты болған Болгария, Сербия, Босния және Герцеговина, Румыния сынды провинциялар үшін дипломатиялық тартыс жүрді. Бұл мәселелер Англия, Ресей, Австро-Венгрия және Осман империясы арасында «Шығыс мәселесінің» аясында орын алды. Балқан мәселелері бойынша бірнеше халықаралық жиындар ұйымдастырылып, соның ең негізгісі 1878 жылы болған Берлин конгресі болды. Берлин конгресі Кайзерлік Германияның канцлері Отто фон Бисмарк тарапынан ұйымдастырылды. Германияның Балқан мәселесіне қатысты өзіндік саясаты болды. Сол сияқты Бисмарктің Осман империясына қатысты өзіндік саяси ұстанымдары қалыптасты. Ғылыми мақалада, 1878 жылы болған Берлин конгресінде герман канцлері Отто фон Бисмарктің Осман империясына қатысты саяси ұстанымдары зерттеледі. «Темір канцлердің» Осман империясына және еуропалық империяларға деген саясаты ғылыми талдауға түседі. Конгрестің барысы мен нәтижелеріне және Бисмарктің қызметіне баға беріледі. Берлин конгресінде болған халықаралық мәселелер мен конгрестің герман-түрік байланыстарына ықпалы айқындалады.

Түйін сөздер: Осман империясы, Берлин конгресі, Отто фон Бисмарк, «Шығыс мәселесі», Халықаралық саясат

© Р.Ж. Мрзабаева¹, Н.М. Абдукадыров^{1*}, Г.У. Ахметшина², 2024.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан;

²Академия физической культуры и массового спорта, Астана, Казахстан.
E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com

ПОВЫШЕНИЕ ПРЕДМЕТНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ О ПОЛИТИЧЕСКИХ ПОЗИЦИЯХ ОТТО ФОН БИСМАРКА В ОТНОШЕНИИ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ НА БЕРЛИНСКОМ КОНГРЕССЕ

Мрзабаева Раушан Жалиевна – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: rosh85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2349-3162>;

Н.М. Абдукадыров – PhD, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>;

Ахметшина Гульден Уалихановна – PhD, старший преподаватель, Академия физической культуры и массового спорта, Астана, Казахстан, E-mail: guldena_82@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-8752-3887>.

Аннотация. В 70-е годы XIX века усилилась борьба по Балканским вопросам в международных отношениях в это время между мировыми империями шла дипломатическая борьба за такие провинции, как Болгария, Сербия, Босния и Герцеговина, Румыния, которые находились под властью Османской империи на Балканах. Эти вопросы возникли между Англией, Россией, Австро-Венгрией и Османской империей в рамках «Восточного вопроса». Было организовано несколько международных собраний по балканским вопросам, основным из которых стал Берлинский конгресс в 1878 году. Берлинский конгресс был организован канцлером Кайзерской Германии Отто фон Бисмарком. У Германии была своя политика в отношении балканского вопроса. Точно так же у Бисмарка сложились свои политические позиции по отношению к Османской империи. В научной статье исследуются политические позиции германского канцлера Отто фон Бисмарка в отношении Османской империи на Берлинском конгрессе в 1878 году. Политика «железного канцлера» в отношении Османской империи и европейских империй сводится к научному анализу. Дается оценка хода и результатов конгресса и деятельности Бисмарка. Будут определены международные вопросы, которые произошли на Берлинском конгрессе, и влияние Конгресса на германо-турецкие связи.

Ключевые слова: Османская империя, Берлинский конгресс, Отто фон Бисмарк, «Восточный вопрос», международная политика

Кіріспе. Берлин конгресі XIX ғасырда халықаралық мәселелерді шешуге арналған ең негізгі жиындардың бірі саналады. Бұл конгресс жалпы халықаралық мәселелерді шешуге бағытталғанымен, оның негізгі мазмұны Осман империясының тағдырымен тікелей байланысты болды. Қазіргі кезде конгрестің шешімі мен онда қатысқан ірі саяси тұлғалардың ұстанымдарына

қатысты зерттеулер жүргізілуде. Солардың бірі – 1978 жылы Берлин конгресінің ұйымдастырушысы саналған Отто фон Бисмарктің саясатын зерттеу маңызды тақырыптардың қатарынан орын алып отыр. Соңғы жылдары түркиялық, еуропалық және ресейлік тарихнамада Бисмарктің сыртқы саясатына қатысты тың зерттеулер жүргізілуде. Мұның барлығы «темір канцлердің» халықаралық қатынастардағы беделімен, саяси ықпалымен және тәжірибесімен байланысты болды.

Тақырыптың өзектілігін терең анықтау үшін Берлин конгресінің шығу тарихына қысқаша тоқталсақ, конгрестің тікелей себепкері болған фактор Сан-Стефано келісімі мен оның алғышарты саналған Балқан мәселелеріне байланысты туындаған орыс-түрік соғысы туралы да айта кеткен орынды. 1876 жылы Босния мен Герцеговинада және Болгарияда осман билігіне қарсы көтеріліс қимылдары орын алып, оған еуропалық империялар араласты. Осман империясы еуропалықтардың бұл іске араласуына қарсы болды. Болгарияның тағдырын қамтамасыз етуге тек соғыс арқылы қол жеткізуге болатын еді. Ақыры, 1977 жылы Ресей Осман империясына қарсы соғысқа дайындала бастады. Бұл кезде Ресейге Англия мен Австро-Венгрия қарсылық көрсетуі мүмкін еді. Сондықтан, Ресей сыртқы істер министрі канцлер А.М. Горчаков аталған мемлекеттердің дипломаттарымен кездесулер өткізді. Еуропалық империялар Ресейдің Осман мемлекетімен соғысуында бейтарап саясат ұстанды. Мұнда тек Австро-Венгрия тек соғыс қимылдарының Ыстамбұлға қарай таралмауын талап етті.

Австро-Венгрия мен Англияның бейтараптығын ескере отырып, 1877 жылы Ресей соғысты бастады. 1878 жылы бұл соғыс түріктердің толық жеңілісімен аяқталды (Quintin, 2012: 12–15). Ыстамбұл соғыс аясынан тыс қалды және бейбітшілік Сан-Стефанода жасалды. Дегенмен, мұнымен мәселе шешілмеді. Себебі, Балқан түбегіндегі соғыстан кейін Ресей мен Түркия арасында қабылданған шешімдерді еуропалық мемлекеттер мақұлдамады және жаңадан қабылданған бейбіт келісімшарт 1878 жылы Бисмарк тарапынан ұйымдастырылған Берлин конгресінің талқысына ұсынылды. Осы тұста тақырыптың өзектілігін арттыратын маңызды сұрақтар туатыны анық. Бұл сұрақтар Бисмарктің Осман империясы мен Ресейге деген саясатының өзгеруі мен герман канцлерінің халықаралық саясатта беделінің артуымен байланысты болып, оның жауаптарына терең ізденістер арқылы ғана жету мүмкін болады.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу тақырыбына қатысты деректер мен материалдар негізінен Берлин конгресінің шешімі бойынша қабылданған келісімшарттың тарихи құжаты және сонымен қоса конгрестің арнайы материалдар жинағы болды. Мұндай құжаттар жинақтардың ең негізгілері Ханс Йорг Корнрумфтың 1878 жылғы Берлин конгресі кезінде қабылданған халықаралық құжаттар мен конгресс кезіндегі Германияның Осман империясына деген саяси ұстанымы туралы жариялаған бірқатар құжаттар мен материалдар жинақтары болды.

Сол сияқты, архив құжаттары бойынша жинақталған құжат жинақтарының

бірі Францияда жарияланған Осман империясының сыртқы саяси тарихына қатысты төрт томнан тұратын аса көлемді құжаттар жинағы болып табылады. Бұл құжаттар жинағын (Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman) Габриель Норадук жинақтаған Жинақтың 2–4 томдарында Берлин конгресі мен онда Отто фон Бисмарктің Осман империясының саяси жағдайына қатысты айтылған ойлары жазылған. Сондай-ақ герман-түрік байланыстары туралы тың мәліметтер берілген. Бұл мәліметтер өзінің деректік құндылығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге ғылыми жұмыста, Францияның Ұлттық мұрағаты (Archives Nationales) мен Сыртқы істер министрлігінің мұрағат құжаттарының көшіріліп жинақталған құжаттар жинақтары қолданылды. Мұнда Францияның сыртқы елдермен дипломатиялық байланыстарына қатысты құжаттары жарияланып, ондағы (Ministère des Affaires Étrangères Commission de Publication des Documents Relatifs aux origines de la guerre de 1914. Documents Diplomatiques Français 1871–1914) Берлин конгресіне тікелей қатысты болған құжаттар қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысында Британ империясының сыртқы істеріне қатысты құжаттарының көшірмелері (British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print) қолданылды. Отыз алты томнан тұратын бұл құжаттар жинағы Кеннет Борн мен Камерон Уоттың ұйымдастыруымен жарияланып, оның 3–4 томдарында Берлин конгресімен байланысты болған құжаттардың көшірмелері қамтылып, олар қолданысқа енді.

Сол сияқты Ресей империясының да сыртқы істер бойынша құжаттар жинағы зерттеу тақырыбының негізгі дереккөздерінің қатарынан орын алады (Сборник договоров России, 1952). Империялардың сыртқы істер бойынша құжаттары конгрестің мазмұны мен ондағы қабысушылардың ұстанымдарын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұлардан тыс ең маңызды дерек, ол конгрестің шешімі бойынша қабылданған Берлин трактатының тексті болып табылады. Трактатта тақырыптың мазмұнына қатысты мәліметтер қамтылған (Берлинский трактат, 1888).

Зерттеу тақырыбы бойынша келесі бір маңызды деректердің бірі Отто фон Бисмарктің жеке құжаттар жинақтары болып табылады. Бұл жинақ неміс тілінде басылып 9 кітаптан құралады. Әрбір томда канцлердің жылдар бойына еткен мемлекеттік қызметі мен атқарған халықаралық жұмыстары нақты фактілермен көрсетілген. Жинақтың 6 томында Берлин конгресіне қатысты материалдар қамтылған. Бұл жинақ негізінен құжаттар, мемуарлар, естеліктер мен келісімдер және басқа да құнды мәліметтерден тұрады.

Зерттеу әдістеріне келсек, мақалада тарих ғылымының дәстүрлі және заманауи әдістері мен принциптері қолданылды. Тарих ғылымының қолданбалы әдістері мен принциптерін басшылыққа ала отырып, ең алдымен Отто фон Бисмарктің сыртқы саясаттағы ұстанған бағыттары анықталды және одан соң канцлердің Осман империясына деген ұстанымдары айқындалды. Зерттеу тақырыбы бірнеше аспектіні қамтып, ол бір жағынан халықаралық

қатынастар тарихына арналған жұмыс болса, екінші жағынан жеке тұлғаның көзқарасы, жеке ойы мен саяси ұстанымдары зерттеліп, сонымен бірге Отто фон Бисмарктің жеке тұлғалық ерекшеліктері де маңызды орын алғандықтан, зерттеу жұмысында соңғы жылдары тарих ғылымымен бірлесе жүргізілетін пәнаралық әдістер де қолданыс тапты (Поршнева, 2013). Оның ішінде конгрестің барысы мен Бисмарктің принциптеріне байланысты құқық, психология және әлеуметтанулық зерттеулер араласа жүргізіліп, ол жаңа нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

XIX ғасырда халықаралық қатынастарда Германияның сыртқы саясаты мен дипломатиялық байланыстарды қолдану деңгейі туралы халықаралық процестер бойынша анализ жасаған американдық саясаттанушы Д. Хелдтің тұжырымдарын басшылыққа алуға болады. Оның тұжырымы – «халықаралық саясаттың негізгі формалары күрес, ынтымақтастық және келіссөздер» – деп саналады. Ғалымның тұжырымы бойынша Берлин конгресінде Бисмарк пен оның халықаралық саясаттағы әріптестері арасында орын алған саяси шиеленістер мен канцлердің Осман империясына жаңа саяси көзқарас пен ықпалдастықтың сипатын көруге болады.

Сол сияқты, Бисмарктің халықаралық қатынастар тарихындағы Герман мемлекетінің сыртқы саяси мәселелер призмасы арқылы қарастырылатын бұл процесті зерттеу канцлердің «Шығысқа бет бұру» терминімен сипатталатын Бисмарк саясатының жағдайын талдаумен тығыз байланысты. Мұнда еуропалық империялардың арасынан Германияның Шығысқа көз тізуі халықаралық жағдайды салыстырмалы талдаумен сипатталады. Мұндай салыстырмалы талдау халықаралық құқық субъектілерінің саясатын, саяси процестің (Холдоров, 2016:129–131) негізгі қатысушыларының тұжырымдамаларын, идеяларын, мақсаттары мен мотивтерін салыстыруға және Бисмарктің түріктерге деген саясатын қарастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау.

Мақаланың тақырыбы әлем тарихымен байланысты болғандықтан, отандық тарихнамада жаңадан қолға алынып келе жатқан тақырыптар қатарынан орын алады. Зерттеу тақырыбы бірнеше мемлекеттің тарихына қатысты болғандықтан, тақырыптың әр түрлі мәселелерімен шетелдік зерттеушілер шұғылданған. Тақырып бойынша мәселелер неміс, кеңестік, ресейлік және түрік тарихшылары мен ғалымдарының зерттеулерінде кездеседі. Зерттеу тақырыбы бойынша арнайы жеке тақырып болмағанымен, Берлин конгресі және сол кездегі халықаралық саясат пен байланыстар туралы қалам тартқан зерттеушілердің еңбектерінде мәселеге қатысты ойлар айтылған.

Берлин конгресі мен оның нәтижелері бойынша неміс тарихшыларының зерттеулері құнды саналады. XIX ғ. соңғы ширегінде еуропалық мемлекеттердің Осман империясына саяси қысым жасауы туралы зерттеулер Григор Шолгеннің еңбектерінде де кездеседі. Зерттеуші Берлин конгресін «Шығыс мәселесінің» аясында қарастырып, (Schöllgen, 2000) онда Осман империясы бойынша еуропалық империялардың ұстанымдарын көрсетті. Сол сияқты,

Берлин конгресі мен оның мазмұны туралы зерттеу жұмыстары И. Гейсс тарапынан жүргізіліп, ол осы келісімнің мазмұнын талдады және Бисмарктің ұстанымдарын көрсеткен. Бисмарктің дипломатиялық қызметі бойынша арнайы зерттеу жүргізген Бернд Рилл (Rill, 2022) өз еңбегінде канцлердің халықаралық ұстанымдарына ерекше тоқталған.

Сол сияқты кеңестік және ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде Берлин конгресі мен Бисмарктің ұстанымдарына қатысты пікірлер берілген. Кеңестік кезеңде Бисмарк соғысушы және аса күшті қолбасшы ретінде сипатталды. Сонымен қатар, Бисмарктің кезіндегі саяси дағдарыстар мен «темір канцлер» тұсында империяның жалпы сипаты және жетістіктері туралы ғылыми еңбектер жарияланды. Сонымен қатар, ресейлік тарихшылар Берлин конгресінде Бисмарк батысеуропалық империялардың ұстанымын кеңейтті деп тұжырымдайды (Власов, 2019). Дегенмен, олар Бисмарктің қызметіне біржақты қарамайды, өйткені Бисмарк ұзақ жылдар бойы Ресей билігімен жақсы байланыста болған (Дударев, 2021).

Сол сияқты мәселеге түрік тарихшылары да бағасын берген. Түрік тарихшылары Рифат Учарол, Сан-Стефано келісімі мен Берлин конгресінің ұйымдастырылған кезіндегі осман-ағылшын саяси қатынастарын зерттеп, ол бұл байланыстарды 1878 жылғы Кипр мәселесі негізінде қарастырды. Оның басты ғылыми тұжырымы, 1877–1878 жылы орыс-түрік соғысының аяқталған соң, Англия Осман империясының Ресейге қарсы дипломатиялық күресінде оған саяси қолдау көрсетіп, есесіне империя құрамында болған Кипрге ешбір кедергісіз саяси бақылау орнатуына қатысты болды. Келесі кезекте, аталған мәселе бойынша іргелі ғылыми зерттеулердің бірі Ильбер Ортайлының еңбегі болды. Зерттеуші, Құлдырау дәуіріндегі осман-герман саяси қатынастары мен Осман империясындағы немістер тарихын зерттеген. Зерттеу жұмысында, сұлтан II Абдулхамит пен канцлер II Вильгельм арасындағы саяси байланыстарға терең тоқталған. Осман империясы мен Германияның сыртқы саяси және экономикалық байланыстар тарихы Мұстафа Өзйүкселдің Берлин-Бағдат теміржолының салыну тарихына қатысты монографиясында қамтылды. М. Өзйүксел Осман империясы мен Германия арасындағы үлкен саяси-экономикалық жоба болып саналатын Берлин-Бағдат теміржолының салыну тарихын зерттеп, оның екі мемлекет арасындағы саяси және экономикалық маңыздылығын көрсетті (Özyüksel, 1988). Бұл зерттеушілердің еңбектерінде Бисмарктің Осман империясына саясаты ішінара көрсетілген.

Нәтижесі.

Сан-Стефано келісімінің дағдарысы

1877–1878 жылдары болған орыс-түрік соғысы 1878 жылы ақпан айында қабылданған Сан-Стефано келісімімен аяқталды. Келісім Осман империясы мен Ресей арасында жасалды. Негізінен, бұл соғыс «Шығыс мәселесі» бойынша Балқандағы саяси дағдарыстарға байланысты туындағандықтан, ол мемлекетаралық емес, халықаралық деңгейде шешілуі тиіс еді. Бірақ, Ресей тарапы мұны елеген жоқ. Сондықтан, Сан-Стефано бейбіт келісімі еуропалық

державалардың тарапынан үлкен сынға ұшырады. Мұнда негізгі қарсылық Англия мен Австро-Венгрия тарапынан көрсетілді. Бұл екі империяның Балқандағы мүдделері маңызды болып, мұнда Англияға Ресейдің түрік бұғаздары арқылы Жерорта теңізіне түсу мүмкіндігі ұнамады, ал Австро-Венгрия Босния және Герцеговина үшін әбігерге түсті.

Мұнда Ресей үшін Англияның талаптары маңызды болды, себебі, Британ империясы қуатты мемлекет еді. Осыны басшылыққа ала отырып, Ресей әкімшілігі Англиямен келісім жасауға ұмтылды. Ол бойынша 1878 жылы 18 мамырда ағылшын-орыс құпия келісімі жасалды. Келісім Лондонда жасалып, ол Сан-Стефано келісімшартын қайта қарады. Келісімде Англия талаптарын ұсынып, ол бойынша ағылшындардың мүддесіне негізделген бірқатар баптар қайта қаралды. Келісімнің құпия болуының себебі мұнда екі мемлекеттің де сыртқы геосаяси мүдделері болды және ол соған негізделіп жасалды. Дегенмен, мұның бәрі жеткіліксіз еді. Мұндай мәселелер түбінде Берлин конгресін ұйымдастыруға алғышарт қалыптастырды (Özkan, 2022: 71–73).

Англия мұнымен шектелмей түріктерге де жақындады. Орыс-түрік соғысы аяқталар шағында, дәлірек айтқанда орыс кемелері Ыстамбұлды атқылай бастаған тұста Англия мұны ауыздықтауға кірісіп британ елшілері соғысты тоқтату үшін дипломатиялық қимылдарға көшкен еді. Мұнда шын мәнінде Англия түріктерге көмектесу мақсатында емес, орыс кемелерінің түрік бұғаздарына түсуден қауіптеніп, сол үшін іске кірісті. Осыдан соң, Англия бұл жолы да әр кездегідей «саяси ойындармен» әрекет етті. Ыстамбұлдағы британ елшісі Генри Лейард 23 мамырда Түркиямен қорғаныстық одақ туралы құпия келісімге қол қойды. Бұл келісім бейресми түрде Кипр конвенциясы деп аталып, оған сәйкес Ұлыбритания Кипрді бақылау құқығын алды. Іс жүзінде Кипр Британ империясына өтті. Осылайша Берлин конгресі ұйымдастырылып жатқан тұста Англия өзінің кезекті «саясатының» арқасында Осман империясынан Кипр аралына иелік ету құқығын алды (Metin, 2013: 313).

Сәйкесінше, Англия Осман империясының қауіпсіздігіне кепілдік беріп, егер Ресей Сан-Стефанода белгіленген шектен тыс түзетуді қайта талап етсе, Англия оны қолдайтын болды. Осылайша, Англия Балқан жотасын Болгария үшін ең жақсы шекара деп санады. Австро-Венгрия бұрынғы австро-ресейлік келісімдерді бұзғанын жариялады. Австро-Венгрия мен Англия Ресейдің Балқан түбегіндегі жағдайын нығайтуға, ондағы славян халықтарының ұлт-азаттық күреске шығуына, әсіресе ол жерде үлкен славян мемлекеті – Болгарияның құрылуына қарсы болды.

Мұнымен тоқтамаған еуропалық империялар сол кезде күшейіп дамып келе жатқан Германияны да өзіне тартып, оны Ресейге қарсы қойды. Осылайша Берлинде конгресс ұйымдастырылатын болды. Ал, Ресейдің еуропалық коалицияға қарсы жаңа соғыс бастауға қауқары жоқ екені көрініп тұрды. Ресей тек Германиямен ғана жақсы қарым-қатынаста болатын. Бұл жолы Германиядан да қолдау күтудің ешбір мүмкіндігі қалмады. Себебі, Германиядағы Ресей елшісімен жеке әңгімелесуде Бисмарк халықаралық конгресте шарттың

талаптарын талқылауға келісуді ұсынды. Еуропалық империялар тарапынан оқшауланған Ресей Сан-Стефано келісімін алдын-ала жеке мемлекетаралық деңгейде жасалған келісім деп танып, бұл келісімнің шарттарын Берлин конгресінде қайта қарауға келісуге мәжбүр болды. Расында да, Ресей әкімшілігі Балқан мәселелерін өз мүддесіне ғана сай етіп шешуге кіріскен еді. Ал бұл кезде Балқан мәселесі, ең ірі халықаралық саяси ошақтардың бірі саналды. Осыған орай Сан-Стефано келісімі дағдарысқа ұшырап, ол Берлинде халықаралық масштабта қайта қаралатын болды (Nurzhiigit Abdukadyrov, 2020: 619–620).

Берлинде Конгресс отырысы және Бисмарктің ролі

Конгреске Германия канцлері Бисмарк төрағалық етті. Ең маңызды мәселелер әдетте Германия, Ұлыбритания, Австро-Венгрия және Ресей өкілдерінің жеке кездесулерінде алдын ала шешілді, олардың делегацияларын тиісінше Бисмарк, британ премьер-министрі лорд Биконсфилд, Австро-Венгрияның сыртқы істер министрі Д. Андраши және Ресейдің сыртқы істер министрі канцлер А.М. Горчаков басқарды. Сонымен қатар Франция сыртқы істер министрі Уоддингтон, Италия сыртқы істер министрі Корти және Түркия тарапынан Каратеодори паша бастаған делегация өкілдері қатысты. Конгреске Грекия, Персия, Румыния, Черногория және Сербия өкілдері де шақырылды.

Берлин конгресі 13 маусым бейсенбі күні түстен кейін сағат екіде ресми түрде ашылды, сол кезде барлық қатысушы елдердің делегациялары бұрынғы Радзивилл сарайының бал залына жиналды. Осыдан соң бейресми кездесулер көптеп орын алды. Үкімет басшылары мен сыртқы істер министрлер арасында дау-дамай көбейіп кетті. Ең басты мәселе Осман империясының Балқандағы территорияларын тәуелсіз мемлекеттерге бөлу және Ресейдің Сан-Стефано келісіміндегі талабы бойынша жүзеге асырылған Болгарияның Осман империясынан шыққан аумақтарын түріктерге кері қайтару. Бейресми жекелеген кездесулер мен жалпы отырыстардағы пікір алмасулар кезінде Сан-Стефано шартының ережелеріне қатысты көптеген қарсылықтар жойылды. Дегенмен, егер Бисмарк төраға ретінде конгрестің барысын өзінің қатаң және нақты бақылауында ұстамаса, ескі наразылықтарды оятуы мүмкін болған кейбір мәселелерге қатысты біршама сұрақтар туындап отырды.

Сұрақтар негізінен Сан-Стефано келісімімен анықталған Осман империясының Балқандағы территориясы болды. Мұнда, Австро-Венгрия Босния мен Герцеговинаға үміткер болса, Англия Болгарияны, сондай-ақ Түркиядан Ресейге берілген Закавказьені қайтару болды. Бұл мәселелерде Бисмарк өзін алғашқыда бейтарап делдал ретінде көрсетті. Дегенмен, іс жүзінде Австро-Венгрия мен Англияның талаптарын қолдап, Ресейді олардың көпшілігін қабылдауға мәжбүр етті. Бұл оның Осман империясына деген ұстанымын да байқатты. Канцлер бір мезгілде Ресейдің Қара теңіздің еуропалық және азиялық жағалауларына деген талаптарын да, Австро-Венгрияның Босния және Герцеговинаға австриялық әскери қатысуын енгізу саясатын да қолдады. Дей тұрғанмен, барлық еуропалық және ресейлік дипломаттардың да Бисмарктың қатқыл мінез-құлқына көңілі толмады.

Бисмарк конгресті делегаттарды мейлінше үрейлендіріп, өзінің алып денесімен және қатқыл мінезімен үркітіп, кей кезде өзінше жылулық танытып, лидерлікпен басқарды. Ең бастысы, ол Түркия туралы сөз қозғаудан қымсынбады, Грекия, Сербия және Черногория өкілдеріне де одан кем сөз тиген жоқ. Оны Ресейден немесе Түркиядан тәуелсіздікке ұмтылған бір немесе бірнеше халықтардың пайдасына ұзақ сөйлеген сөздерінен артық ештеңе ашуландырмады. Оның назарын аударған британ сыртқы істер министрі маркиз Солсбери лаздарды, Тревизон мен Батум арасында тұратын мұсылман тайпаларын қорғау идеялары аударды. Бірақ, Бисмарк автономиялық Болгария аумағында құқықтары қорғауды қажет ететін халықтарға назар аудару керектігін ескертті.

Атап отырғанымыздай, конгресте Англия, Австро-Венгрия және Германияның ұстанымдары бір болды. Ол, яғни Сан-Стефано келісімін қайта қарап, тиісті баптарға өзгеріс енгізу және Балқан мәселелерін шешумен сипатталды. Ресей болса бұл талапқа көнуге мәжбүр болып, дегенмен мәселені жан-жақты қарастырылуын жақтады. Бисмарк болса, ұйымдастырушы ретінде осы мәселелерді өте әділ және тең шешілуін жақтады. Ал, келесі кезекте конгрестің негізгі қатысушылары саналған Осман империясының делегаттарының да өзіндік ұстанымдары болды. Еуропалық келіссөзге Осман империясынан мемлекет қайраткерлері - Александр Каратеодори Паша мен Мехмед Али Паша және елші Саадуллах бей қатысты. Мұның алғашқы аталған екеуі Танзимат реформасының негізгі идеологтарының бірі Мехмед Эмин Әли Пашаның ең жақын серіктері. Жоғары білімді, еуропалық мәдениетті, тілдерді және саясатты жақсы білетін, діндер мен ұлттардың теңдігін жақтаған Мехмед Эмин Әли Паша империядағы ықпалды тұлға болды.

Осман империясы тарапынан қатысушылардың конгресте қатысты өзінің пікірі қалыптасты. Олардың айтуынша, конгрестің еуропалық қатысушылары және әсіресе канцлер Бисмарк өздерінің османлы әріптестерін, сондай-ақ Түркияның әрекеттерін берік қалыптасқан стереотиптер арқылы қабылдады. Тіпті теориялық тұрғыдан алғанда, конгресте қатысқан еуропалықтарға Османлы қоғамын реформалау мүмкіндігі абсурд болып көрінгендіктен, пікірталас түрік иеліктерінің аумақтық бөлінуі туралы ғана болды (Михнева, Колев, 2021: 14).

Берлин конгресінде Каратеодори паша Осман империясының сыртқы саясатын «тиімсіз және қарабайыр» деп санайтынын жасырмаған Бисмарктың үзілді-кесілді мәлімдемелері туралы жазады. Османлы дипломатының пікірінше, Бисмарк өз уәждерін басшылыққа ала отырып, Осман империясын еуропаландыру жөніндегі күш-жігерін бағалап қана қоймай, сонымен бірге тұтастай Шығыстағы жағдайды түсінбейтіндігін бірнеше рет көрсетті. Каратеодори пашаның көрсетуі бойынша жиында Осман империясына қатысты болған барлық шешімдердің конгресс басталмай тұрып-ақ түрік делегаттарының қатысуынсыз келісіліп қойғанын түсініп, жағдайды тез бағамдады. Осы бағытта әрекет ете бастаған түрік пашасы Бисмаркқа Осман

мемлекетінің аса ірі реформалар дайындап, жүргізіп жатқанын түсіндіруге тырысты. Бұған жауап ретінде канцлер Бисмарк ешқандай реформа Еуропа үкіметтері қол жеткізген келісімдерге кедергі келтіре алмайтынын, яғни шешімдердің өзгермейтінін айтты (Михнева, Колев, 2021: 18).

Сонымен, конгресс барысында Бисмарк түрік делегациясына жылы шырай танытпады. Түрік делегаттарының сұрақтары тындалғанымен, Бисмарк оған қатты жауап қайтарды. Бисмарк конгрестің мақсаты Еуропадағы бейбітшілікті сақтау екенін және жиында кез келген «сұлтан өкілдерінің» көзқарасына жол бермейтінін ескертті. Тіпті Бисмарк Каратеодориге Түркия Сан-Стефано келісіміне қол қойып қойғандықтан, оның мұнда сөйлеуге де құқығы жоқ екенін айтты. Бірақ, түрік делегациясының наразылық білдіретіндей орны жоқ еді. Өйткені, Бисмарк тек түрік делегаттарына ғана емес, барлық мемлекеттердің делегаттарын бақылап оларға да қатқыл үнмен тіл қатып отырды.

Жиындағы жалпы картинаны суреттесек, конгресте Осман империясы аз рөл атқарды. Олар келіссөздер жүргізуде тең құқылы серіктестер ретінде емес, ірі державалардың саяси мүдделерінің субъектілері ретінде қарастырылды. Австро-Венгрия мен Ұлыбритания Осман империясының өміршеңдігіне жанашырлық танытқандықтан емес, Ресейдің күш-қуаты мен ықпалының өсуіне тосқауыл қоюды көздегендіктен Балқандағы Осман империясының саяси жағдайын қалпына келтіруді жақтады. Конгресте жаңа шекаралар Балқан халықтарының ұлттық мүдделері ескерілмей, тек ірі державалардың билік саясаты арқылы белгіленді.

Әрине, мұнда жеке кездесулерде болып жатқан процесті жан-жақты түсінген дұрыс. Ол яғни, конгресс отырыстары кезінде түрік делегациясы көп жағдайда талқылаудан тыс қалып қойып отырған. Мұның басты себебі, конгрестің негізгі мазмұны батысеуропалық империялардың Ресейдің Еуропа мен Балқандағы әрекеттерін «ауыздықтау» болғандықтан көптеген кездесулерде шешімдер түрік делегаттарының қатысуынсыз қабылданды. Ал, түрік делегациясы мұны өздеріне құрметсіздік деп түсінген. Бірақ бұл әрине сыңаржақ пікір болып саналады. Өйткені Бисмарк бастаған әлемдік державалардың өкілдері Осман империясының да жағдайына үңілді. Осы тұста айта кетерлік жағдай, конгресте қатысушы империялардың халықаралық беделі мен орнын да түсінген жөн. Бұл жерде ең белсенді және беделдісі Германия мен Англия және Австро-Венгрия болды. Ал, Франция болып жатқан процесті сырттай бақылап, мәселеге аса терең араласпады (Documents Diplomatiques, 1914: 335–338).

Берлин шартында қарастырылған мәселелер бойынша конгрестің соңында қабылданған шешімдер мен расталған негізгі ережелер мыналар болды:

Болгарияның автономды мемлекеттік бірлігі түрік сұлтанының қамқорлығымен ресми және заңды түрде құрылды;

Болгарияның оңтүстігінде номиналды түрде Түркияға жататын, бірақ христиандық үкіметі бар Шығыс Румелия провинциясы пайда болды;

Сербия мен Черногория қосымша аумақтар алды және олардың тәуелсіздігін ресми растады. Олардың қатарында Румынияның тәуелсіздігі де бекітілді, ол Бессарабияны Ресейге берудің орнына Солтүстік Добруджаны алды;

Австро-Венгрия Босния-Герцеговинаны оккупациялау және басқару құқығын және Нови-Базарда әскер орналастыру құқығын алды;

Грекияға Фессалия мен Эпирдегі шекара сызығын тез арада түзетуге уәде берілді;

Ресейдің Кавказдағы билігі бекітілді.

Конгрестің шешімі бойынша төраға Бисмарк пен ұйымдастырушылар түрік сұлтаны мен Осман мемлекетінен конгреске қатысушыларды осы алқалы жиынның қабылдану шарттарына сендірді. Сондай-ақ ұлы державалар бақылауымен Осман мемлекетіне өзінің еуропалық провинцияларында реформалар жүргізетініне сендірді. 4 маусымда Ыстамбұлда қол қойылған жеке «Кипр конвенциясы» Ұлыбританияға 1914 жылға дейін ресми түрде заңды түрде Түрік империясының құрамында болған Кипр аралын басып алу құқығын берді. (Metin, 2013: 315). Осылайша, Берлин конгресі өзінің мәресіне жетіп, ол бір айға созылды.

Конгресте Бисмарктің саяси ұстанымдары

Конгресте Осман империясы туралы мәселе күн тәртібінде болды. Бисмарк бірінші кезекте Германияның империалистік экспансиясынан аулақ болуға тырысты. Сонымен қатар, ол Осман империясының күйреп жатқанын пайдаланып, өздерінің саяси және экономикалық мүдделерін көздейтін Ресей, Австро-Венгрия, Франция, Ұлыбритания және Италия арасындағы Шығыс мәселесін шешудің қиын міндетін түсінді. Конгресте Бисмарк «адал брокер» рөлін атқарды, ол державалардың мүдделері арасында әділ тепе-теңдікті қалыптастырады. Бисмарк тұтастай Конгресте үстемдік етті және барлық талқылаулар мен шешімдерді бақылап отырды. Салыстырмалы түрде алғанда Бисмарктің бойында империалистік амбициялардың болмауы Герман империясының Орталық Еуропадағы гегемондық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған саясаттың бір бөлігі болды. Бисмарктің конгресс барысында тепе-теңдікті ұстауға тырысуы оның Герман империясының беделімен байланыстырылды. Шеткі көзқарас бойынша, неміс рейхінің басқа ірі державалармен салыстырғанда Таяу Шығысқа нақты мүддесі ілгеріден болған жоқ. Германия әдетте аймақтағы статус-квоны сақтау үшін өз ықпалын пайдаланды. Бұл кейінірек Осман империясының басқа ірі державаларға карағанда көп жағынан тиімдірек Германиямен ынтымақтастық тәжірибесіне ықпал етті.

Ресей империясының Осман империясына терең енуі Австро-Венгрияға ұнамады және Бисмарк мұны түсінді, сондай-ақ Габсбургтердің Балқан түбегіндегі экономикалық мүдделеріне қауіп төніп тұрғанын сезінді. Ресейдің Балқандағы панславяндық арандатуы (экспансиясы) көпұлтты Габсбургтер империясына да қауіп төндіруі мүмкін еді. Бисмарк конгреске қатысушы монархияларды татуластыруға бар күш-жігерін салды. Ол Германияның шығыс аймақтарға ешқандай гегемондық талаптар қоймағанын баса айтты. Осылайша, Берлин конгресінде Бисмарк бітімгердің қиын міндетін атқаруға тура келді. Мұнда негізінен Австро-Венгрия мен Англия Осман империясына жылы

